

Дәріс 8: Этникалық зерттеудің конструктивтік және инструменталистік әдістері

Бұл дәрісте этникалық сәйкестендіруді түсіндіруде конструктивтік (құрылымдаушы) және инструменталистік (құралшыл) тәсілдердің теориялық негіздері мен қолданбалы мәнін талдайды.

Дәріскер: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова

Дәріс мақсаты:



Студенттерді этникалық зерттеулерде қолданылатын конструктивтік және инструменталистік әдістердің теориялық негіздерімен таныстыру



Этникалық бірегейлік пен этностық процестерді түсіндірудегі әртүрлі ғылыми тәсілдердің ерекшеліктерін көрсету.

Дәріс жоспары

1.Кіріспе. Этникалық зерттеулердегі конструктивтік және инструменталистік әдістердің мәні мен мазмұны

2. Этникалық зерттеулерде конструктивтік және инструменталистік тәсілдердің өзектілігі.

3.Этникалық зерттеулердегі негізгі ұғымдар мен терминология ерекшеліктері.



Этникалықты зерттеудегі инструменталистік тәсілдің мәні

01

Этникалықты зерттеудегі инструменталистік тәсіл. 1970 ж. ортасында батыс этнологиясында кең тарады. Этнос саяси лидерлердің өз мақсаттарына, билікке жету үшін қолданатын инструмент деп қарады. Бұнда этнос белгілі бір жағдайларға байланысты қалыптасады

02

Этнос – бұл әлеуметтік саяси сахнадағы ұжымның материалдық игілікке ұмтылуы. Этнос әлеуметтік ролге айналады, оны адам саналы түрде сайлайды

Бұл бағыт өкілдері: Д.Хоровиц, Дж. Ратшильда, Э.Смит, С.Янг т.б. Инструментализм теориясы негізі функционализм, прагматизм.Бұл бағыт бойынша элита этникалық мифтерді пайдаланып, өз мақсаттарына жетеді. Мәдени игіліктерді осы мақсатта пайдаланады.



Этнологиялық инструментализмнің әдістемелік параметрлері

Инструментализм этникалық сәйкестендірудің саяси-экономикалық контекстте қалай пайдаланылатынына ерекше назар аударады. Негізгі идеялар:

Этнологиялық инструментализмнің әдістемелік параметрі. Этникалық топ-мүддесі бір қауым . Этникалық бірлік- топ мүддесінің орындалу құралы, саяси күресте жұмылуы (Н.Глезер, Д.Мойнихэн).

Этникалық қауым-"топ мүддесі ","жұмылдыру (мобилизациялау) тобы" (Р.Джексон). Этникалық топтың сақталуы-қазіргі қоғамға тән бұқаралық мәдениет және құндылықтың қажеттілігі мен прагматизмі үшін адам қажеттілігіндегі

жатырқауды жеңу.

Этникалық - "әлеуметтік тығырықты" игерудің формасы. Этникалық сана саяси күш (У.Коннор). Ұлтшылдықтың этномәдени және азаматтық түрі ұғымдары.

"Этникалық жұмылдыру (мобилизациялық)" теориясы. Этникалық біртектілік әлеуметтік өзара ықпалдың нәтижесі. Э.Эриксонның біртектілік концепциясы. Біртектілік қоғаммен тұлға арасындағы өзара қимыл жемісі.

Қазақстандағы этникалық зерттеулер: Ұлт құру процесі

Қазақстан тәуелсіздік кезеңінде ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың ерекше жолдарын таңдады: көпэтникалық қоғамда ұлттық консолидацияны сақтау және дамыту арасындағы теңгерімді табу қажеттілігі туындады. Негізгі элементтер:



Білім саясаты мен тіл

Мектептердегі тілдік бағдарлар, оқу бағдарламалары мен тарихтың интерпретациясы ұлттық нарративті қалыптастырады. Бұл құрылымдар конструктивистік механизмдер ретінде қызмет етеді.



Мемлекеттік институттар

Мемлекеттік мерекелер, музейлер, азаматтық рәсімдер арқылы ұлттық бірегейлік ресми деңгейде нығаяды. Бұл процесс конструктивистік және примордиалистік элементтерді араластырады.




Саяси прагматизм

Саясаткерлер мен жергілікті элиталар этникалық сәйкестікті консолидациялау немесе белгілі экономикалық мақсаттарды жүзеге асыру үшін қолдануы мүмкін — бұл инструменталистік аспектілерге мысал бола алады.

Қазақстан контекстіндегі зерттеу конструктивизм мен инструментализмнің үйлесімділігі мен қарама-қайшылығын көрсетеді: тарихи наративтер мен саясат бір-бірін толықтыра әрі шиеленістіре алады.

Этникалық біртектілік және этникалық өзіндік санаға пәнаралық көзқарас

Этника біртектіліктің формасы сияқты өткенмен байланысты және белгілі топтың не индивидтің мәдени дәстүріне енген. "Этникалық өзіндік сана" талдауы көзқарасы тұрғысындағы этникалық біртектілік талдауы. (Ю.В.Бромлей, Л.М.Дробижева, В.И.Козлова және т.б.) Этникалық өзіндік сана талдауына пәнаралық тәсіл (этносоциология, саяси, әлеуметтік психология түйісінде) .







Этника ілімі

Бұл ілім 1970-1980 жж. АҚШ, Канада, Австралия этнологияда кең тарады. Негізін салған американ антропологі Дж. Камарофф. Бірақ әлемге Норвеж этнологі Ф. Барт есімімен таныс. Ол этникалық шекара критерийін ұсынды. Этникалық шекара әлеуметтік өмірді бір арнаға бағыттайды. Бұл әлеуметтік қатынастардың күрделі ұйымына әкеледі. Сондықтан этникалық шекараларды біз түрлі мәдени құбылыстарда бақылаймыз

Барт этникалық топқа “өзін өзі” жатқызуды қарастырмайды. Ол ішкі этникалық қатынастар мәдени бөлім негізінде құрылады-деді. Конструктивизмде этностық топтағы мүшелік, сана мәселесі индивидтің топ туралы түсінігіне байланысты. Бұл жерде этностың мәдениеті маңызды орын алмайды, этностағы өзгешелік пен шекара маңызды болып табылады. Этнос өзін өзі анықтау негізінде қалыптасқан топ. Конструктивизм бағыты қауымның бір-бірімен табиғи байланыстамыз, ортақ мәдениетіміз, тарихымыз бар деген үміттен туған әлеуметтік құрылым.

Этнос пен ұлттың конструктивистік түсіндірмесі

Қазіргі теориялық өзгерістер және жаңа көзқарастар

Қазіргі конструктивизмде этносты тұрақты құбылыс емес, үнемі өзгеріп отыратын процесс ретінде қарастыру кең тараған. Сондықтан «этникалық процесс» ұғымының орнына «этникалық процессуальдық» түсінігі енгізіледі. Ұлт билік, идеология және әлеуметтік қатынастардың нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Кейбір ғалымдар, соның ішінде Валерий Тишков, ұлт ұғымын азаматтық тұрғыдан емес, этникалық мазмұнда қайта қарау қажеттігін ұсынады. Жалпы алғанда, этнос пен ұлт семантикалық және метафоралық категориялар болып, қоғамдағы адамдардың өзара қабылдауы мен саяси құрылымдардың ықпалымен қалыптасады.

Этнос – әлеуметтік және метафоралық феномен

Конструктивизм бойынша этнос табиғи немесе биологиялық құбылыс емес, ол адамдардың өзара әрекеті мен қабылдауы арқылы қалыптасатын әлеуметтік құрылым. Этнос мүшелері өздерін ортақ атаумен «біз» деп қабылдайды, ортақ мәдени элементтерді, шығу тегі мен тарихи жадты бөліседі. Осы негізде топ ішінде ынтымақтастық сезімі қалыптасады. Валерий Тишков этносты метафора ретінде қарастырып, оның шынайыдан гөрі адамдардың сенімі мен қабылдауына тәуелді екенін көрсетеді.

Ұлт және ұлтшылдық – идеологиялық конструкция

Конструктивистік бағытта «ұлт» ұғымы табиғи емес, саяси және идеологиялық түрде қалыптасқан құбылыс ретінде түсіндіріледі. Ұлт-мемлекет концепциясы қоғамды ұйымдастырудың тарихи формасы болып табылады, ал ұлтшылдық осы қауымдастықты қалыптастыру және қайта қарау механизмі ретінде әрекет етеді. Бенедикт Андерсон ұлтты «елес қауымдастық» деп сипаттайды, өйткені адамдар бір-бірін жеке танымаса да, өзін бір ұлттың мүшесі ретінде сезінеді. Сонымен қатар Эрнест Геллнер, Эрик Хобсбаум және Пьер Бурдье ұлт пен ұлтшылдықты әлеуметтік және саяси процестердің нәтижесі деп қарастырды.

Бақылау сұрақтары:



1. Этникалық зерттеулердегі конструктивтік әдіс дегеніміз не?



2. Инструменталистік әдістің мәні неде және ол этникалық процестерді зерттеуде қалай қолданылады?



3. Конструктивтік және инструменталистік тәсілдердің пайда болуына әсер еткен ғылыми және әлеуметтік факторларды атаңыз.



Этникалық шекара ұғымы конструктивизмде қандай рөл атқарады және оны қазіргі қоғам мысалында қалай түсіндіруге болады?